

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
6В017- ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

31.10.2025

Қатысқандар: АК төрағасы - ф.ғ.к. С.М.Мағжан, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, академиялық персонал – ф.ғ.к., доцент Г.Қ.Жылқыбай, академиялық персонал – PhD, қауымд.проф. М.Е.Сейтова, академиялық персонал – ф.ғ.к., қауымд.проф. Ж.И.Исаева, академиялық персонал – PhD Л. Қазыханқызы, академиялық персонал – PhD Г.Ризоходжаева, академиялық персонал – ф.ғ.к. А.С.Даулетова, академиялық персонал - ф.ғ.к., доцент Кошенова Т, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж. Ошақбаева, білімгер өкілі – Ж.А.Сейтметова, білімгер өкілі – Ф.А.Юлдашова, білімгер өкілі – А.Р.Орынбасар, жұмыс беруші өкілі – Р.К.Урумова, жұмыс беруші өкілі – М.К.Исраилова, жұмыс беруші өкілі – А.Момбеков

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. Аккредитациядан өткен ББ бойынша ескертпелерді талдау.
3. ББ-ның 2025-2026 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне Атамекен бойынша жоспарлар дайындау.
4. Қыркүйек, қазан айларында іс-шаралар нәтижесін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

АК төрағасы С.М.Мағжан: Құрметті академиялық комитет мүшелері, 2025-2026 оқу жылының Академиялық кеңес құрамына біршама өзгерістер енгізілді. Академиялық комитет құрамына жаңадан мүшелер қосылды. Басшылыққа төменде көрсетілген кестеге сәйкес академиялық комитет құрамына ұсыныс берілді.

№	Аты жөні	Қызметі, атағы, дәрежесі	Телефон	Ескерту
1.	Мағжан Сәуле	Қазақ филологиясы кафедрасы, ф.ғ.к., аға оқытушы	+77013032270	АК төрағасы,
2.	Бейсембаева Салтанат Байгазыновна	Орыс тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.	+77025090916	АК мүшесі, академиялық персонал
3.	Ошақбаева Жанар Бактыбаевна	Орыс тілі және әдебиеті кафедрасы, ф.ғ.к., аға оқытушы	+77082369939	

4.	Исаева Жазира Исақызы	Қазақ филология кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент	+77023425777	
5.	Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы	Қазақ филология кафедрасы, ф.ғ.к., доцент	+77756323115	
6.	Сентова Меруерт Ергешхожаевна	Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, PhD	+77014632099	
7.	Қазыханқызы Лазура	Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы, PhD аға оқытушы	+77027311367	
8.	Ризоходжаева Гульнара Абдумажитқызы	Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы, PhD, доцент	+77750254949	
9.	Даулетова Айнаш Сериковна	Қазақ филологиясы кафедрасы, ф.ғ.к., аға оқытушы	+77058849368	
10.	Кошенова Тоты Иманқызы	Қазақ филологиясы кафедрасы, ф.ғ.к., доцент	+77782928777	
11.	Сейтметова Жибек Абдраимовна	8D01705 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ докторанты	+77014403545	
12.	Юлдашова Фарангиз Абилкасымқызы	7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті ББ магистранті	+77712602904	АК мүшесі, білім алушылар өкілі
13.	Орынбасар Арайлым Рахымжанқызы	6B01729 – Шетел тілдері (ағылшын-түрік) IP ББ студенті	+77756534550	
14.	Урумова Рахила Кенжебекқызы	Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясы КММ директоры	+7770965545	АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі
15.	Исраилова Майра Кудайбергеновна	М.Пошанов атындағы №21 мектеп зерттеуші-мұғалімі, жаңартылған бағдарлама бойынша тренер, деңгейлік бойынша қалалық модератор	+77477138552	
16.	Момбеков Алтынбек	Р.Исетов атындағы № 20 жалпы білім беретін мектеп КММ директоры	+77022694404	

Академиялық комитеттің жаңа құрамы 19.09.2025 ж. №204 бұйрығымен бекітілді. Жанадан қосылған академиялық комитет мүшелеріне қош келдіңіздер дейміз.

Барлық Академиялық комитет мүшелеріне ережелер және сол ережелерге сүйеніп жасалған жұмыс жоспары таныстырылды. Жоспар бойынша ұсыныстарыңыз болса, ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтова: 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебінде АК жұмыстарын ұйымдастыру жақсарту ұсыныстарының бір пунктінде ББ-ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту керек деген ұсыныс берілген. Осы ұсынысқа байланысты 2025-2026 оқу жылында мониторингке арналған ұйымдастыру жұмыстары жоспарға қосылғаны өте дұрыс деп санаймын.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Р.Үрімова: Жоспардың ішінде ББ бойынша оқу жетістіктерін, жұмыс берушілер мен түлектердің кері байланысын талдау өте маңызды деп есептеймін. Осы жұмыстар бастама алғанына қуанып отырмын. Білім беру бағдарламасының орындалу сапасын бағалау мақсатында студенттердің оқу жетістіктері, жұмыс берушілер мен түлектерден алынған кері байланыс нәтижелерін талдау маңызды деп санаймын.

АК төрағасы С.М.Мағжан: Басқа ұсыныс-пікірлер жоқ болса, екінші мәселеге назар аударуларыңызды сұраймын.

Келесі сөз кезегін **АК мүшесі М.Сейтова** алды: 6801719 - Шет тілі: екі шет тілі (ағылшын-түрік тілі), 7М01708 Шет тілі: екі шет тілі (ағылшын- түрік тілі), 8Д01713 - Шет тілі: екі шет тілі білім беру бағдарламалары шегіндегі ЕЭК ұстанымдарына сәйкес іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы постмониторинг есебі дайындалып өткізілді.

АК мүшесі, академиялық персонал С.Бейсембаева: 6В01724 - Орыс тілі мен әдебиеті, 7М0138 – Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша да постмониторинг есебі дайындалып, өткізілді. Есептер қабылданды.

АК мүшесі, академиялық персонал Ж.Исаева: 8Д01705 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша ескертпелер бойынша постмониторинг есебі дайындалып, өткізілді.

АК төрағасы С.Мағжан: Үшінші мәселе бойынша құрметті АК мүшелері, 2025-2026 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне Атамекен бойынша жоспарлар дайындау керек.

Комитет отырысында «Атамекен» ҰҚП-ның білім беру бағдарламаларын бағалау критерийлері мен рейтингтік көрсеткіштері таныстырылды. Жауапты бөлім мамандары рейтинг нәтижелерін талдап, ББ-лардың позицияларын жақсарту үшін қолға алынатын шаралар туралы ақпарат ұсынды.

Ұсынылған мәліметтерде келесі бағыттар атап өтілді:

- «Атамекен» рейтингісіндегі соңғы жылдардағы көрсеткіштердің динамикасы;
- Бағалау критерийлері бойынша әлсіз тұстар: түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші, жұмыс берушілердің қанағаттануы, практиканың сапасы, білім беру бағдарламасының өзектілігі;
- Күшейтілуі қажет бағыттар: еңбек нарығына сай құзыреттерді жаңарту, жұмыс берушілермен серіктестікті кеңейту, дуальды элементтерді арттыру, пәндер мазмұнын нарық талабына бейімдеу;
- Әр білім беру бағдарламасы үшін рейтинг көрсеткіштерін арттыруға бағытталған нақты шаралар жоспарын әзірлеу қажеттілігі.

Академиялық комитет мүшелері аталған рейтингтің білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлі жоғары екенін атап өтті. Рейтинг нәтижелері негізінде ББ-ларды жаңғырту, еңбек нарығына сәйкестігін күшейту және студенттердің практикалық дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажет екені; әр білім беру бағдарламасы бойынша «Атамекен» рейтингінің критерийлеріне сәйкес жеке Жол картасын әзірлеу керектігі айтылды.

Алда атқарылатын жұмыстар өте көп және маңызды. АК құрамы толық нақтыланды, АК жұмыс жоспары әзірленді, ережесі бекітіліп, онымен АК мүшелері танысу парактарымен толық таныстырылды. БББ рейтингісіне Атамекен бойынша БББ біліктілік талаптарының 5-қосымшаға сәйкестігіне мониторинг жүргізілді, нәтижесі жасалды. Жалпы қыркүйек-қазан айында жоспарға сай жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылды.

ШЕШІМ:

1.6В017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша 2025-2026 оқу жылының АК құрамы бекітуге ұсынылсын.

2. «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

3. Аккредитациядан өткен ББ бойынша ескертпелерге жасалған постмониторинг есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

4. Әр білім беру бағдарламасы бойынша «Атамекен» рейтингінің критерийлеріне сәйкес жеке Жол картасы әзірленсін.

5. Қыркүйек-қазан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



С.М.Мағжан

Хатшы:



Г.Ризоходжаева